

"Қаржылық мониторинг органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінде (экономикалық тергеу қызметі) қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2022 жылғы 6 қаңтардағы № 3 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 18 наурыздағы № 22 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 наурызда № 27191 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2025 жылғы 22 мамырдағы № 9 бүйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 22.05.2025 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабының 2-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қаржылық мониторинг органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінде (экономикалық тергеу қызметі) қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2022 жылғы 6 қаңтардағы № 3 бүйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26493 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген атtestatтауға жататын қызметкердің Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін және логикалық ойлау қабілетін компьютерлік тестілеуден өткізудің қағидалары мен шарттарында:

1-қосымша осы бүйрыққа 1-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бүйрықпен бекітілген қаржылық мониторинг органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерінің кәсіби жарамдылығын айқындау бойынша нормативтер осы бүйрыққа 2-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Кадр жұмысы департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында ресми жарияланған бірінші күннен кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігінің
төрағасы

Ж. Элиманов

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігінің төрағасы
2022 жылды 18 наурыздағы
№ 22 Бұйрыққа
1 қосымшасы

Қаржылық мониторинг
органдарының экономикалық
тергеу қызметінің аттесттатуға
жататын қызметкерлерінің
Қазақстан Республикасының
заңнамасын білуін және
логикалық ойлау қабілетін
компьютерлік тестілеуден
өткізудің қағидалары
мен шарттарына
1-қосымша

Тестілеу бағдарламасы

Тестілеу бағдарламасы			Лауазым санаттарының атауы		Лауазым санаттары
	Нормативтік құқықтық актілердің атауы	Сұраптар саны	Шекті мәні		
	Заңнаманы білуге арналған тест: 140 сұрап (140 минут):	140		Қаржылық мониторинг агенттігінің орталық аппаратының (бұдан әрі - ОА) аппарат басшысы	B-FM-1,
	1) Қазақстан Республикасының Конституциясы	15		ОА Департамент басшысы, кеңесші	B-FM-2,
				ОА Департамент басшысының орынбасары	B-FM-3,
				ОА Басқарма басшысы, көмекші	B- FM -4,

			ОА Басқарма басшысының орынбасары	B- FM -5,
	2) Қазақстан Республикасын ың "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заны;	15	Аумақтық органның (бұдан әрі - АО) басшысы	B- FMO-1,
	3) Қазақстан Республикасын ың "Құқық қорғау қызметі туралы" Заны;	10	АО басшысының орынбасары	B- FMO-2,
	4) Қазақстан Республикасын ың Әкімшілік рәсімдік-процес тік кодексі;	10	АО Басқарма басшысы	B- FMO-3,
	5) Қазақстан Республикасын ың "Жедел-іздестіру қызметі туралы" Заны;	10		
	6) Қазақстан Республикасын ың "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заны;	5		
1	7) Қазақстан Республикасын ың Қылмыстық кодексі;	20	әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша 70 %	
	8) Қазақстан Республикасын ың Қылмыстық - процестік кодек сі;	20		
	9) Қазақстан Республикасын ың "Қазақстан Республикасынд ағы кедендік реттеу туралы" к одексі;	10	АО Басқарма басшысының	B- FMO-4.

	10) Қазақстан Республикасын ың "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы " (Салық кодексі) кодексі;	10	орынбасары, бөлім басшысы	
	11) Қазақстан Республикасын ың "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы " Заңы;	10		
	12) Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсанда № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары)	5		
	Заңнаманы білуге арналған		ОА аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі, ОА аса маңызды істер жөніндегі жедел уәкілі (анықтаушы), ОА бас криминалисі , ОА аға тергеушісі, ОА аға жедел уәкілі (анықтаушы), ОА аға криминалисі	B-FM-6,

	тест: 110 сұралқ (110 110 минут):		АО аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі, АО аса маңызды істер жөніндегі жедел уәкілі (анықтаушы), АО бас криминалисі ,	B-FMO-5,
2	1) Қазақстан Республикасын ың Конституция сы;	10	АО аға тергеушісі	
	2) Қазақстан Республикасын ың "Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы;	10	АО аға жедел уәкілі (анықтаушы), АО ага криминалисі	B-FM-7.
	3) Қазақстан Республикасын ың "Құқық корғау қызметі туралы" Заңы;	10		
	4) Қазақстан Республикасын ың Әкімшілік рәсімдік-процес тік кодексі;	10		
	5) Қазақстан Республикасын ың "Жедел-іздестіру қызметі туралы" Заңы;	10	әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша 70 %	
	6) Қазақстан Республикасын ың "Мемлекеттік құпиялар туралы " Заңы;	5		
	7) Қазақстан Республикасын ың Қылмыстық кодексі;	10		

8) Қазақстан Республикасының ның Қылмыстық-процестік кодексі;	10		
9) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында кедендейк реттеу туралы" кодексі;	10	АО тергеушісі, АО жедел уәкілі (анықтаушы), АО анықтаушысы, АО криминалисі	B-FMO-6.
10) Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке төленетін басқада міндепті төлемдер туралы" (Салық кодексі) кодексі;	10		
11) Қазақстан Республикасының "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы "Заңы;	10		
12) Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы мен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары)	5		

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігінің төрағасы

2022 жылғы 18 наурыздағы

№ 22 Бұйрыққа

2 қосымшасы

Қаржылық мониторинг

аенттігі төрагасының

2022 жылғы "6" қантардағы

№3 бұйрыққа

2 қосымша

Қаржылық мониторинг органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерінің кәсіби жарамдылығын айқындау бойынша нормативтер

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Кәсіби жарамдылық келесіні қамтиды: дene шынықтыру және атыс дайындығы, ЭССЕ жазу және IQ анықтау тестілері.

2. Қаржылық мониторинг органдарының экономикалық тергеу қызметі қызметкерлерінің кәсіби жарамдылығын айқындау жөніндегі нормативтерді орындау осы нормативтерге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес белгіленеді.

3. Қызметкердің кәсіби жарамдылығын айқындау кезінде әрбір норматив бойынша жиынтық балдар ескеріледі.

2-тaraу. IQ анықтауға тестілеу жүргізу және эссе жазу шарттары мен тәртібі

4. IQ анықтау тестілеуі қысқа индикативті, іріктеу тестінің әдістемесіне негізделген және қызметкердің зияткерлік қабілеттерінің жалпы деңгейін диагностикалауға арналған.

IQ анықтамасы келесі интеллект параметрлерінің психодиагностикасын қарастырады:

- 1) жалпылау және талдау қабілеті;
- 2) ойлаудың икемділігі;
- 3) материалды қабылдау жылдамдығы мен дәлдігі;
- 4) сауаттылық.

IQ анықтау үшін тестілеу уақыты 20 минутты құрайды.

Қызметкердің тестілеуден өтуі аттестаттау комиссиясы мүшелерінің қатысуымен компьютерде жүргізіледі.

5. ЭССЕ – бұл композициялық тұтастық пен логикалық дәйектілікке ие шығармашылық туынды.

ЭССЕ жазу кезінде қызметкер аталған тақырып бойынша мысалдармен толықтырылған жеке пікірін білдіреді.

Эссеңің мақсаты – қызметкердің таңдалған тақырыпты шығармашылықпен түсіну, қойылған мәселе бойынша өз пікірін және ойын білдіру, өз ұстанымын дәлелдеу қабілетін дамыту.

ЭССЕ жазудың негізгі міндеттері:

- 1) өз пікірін дәйекті және қисынды түрде жеткізе білу;
- 2) тиісті тақырыпты дәлелдей білу;
- 3) сыни ойлау дағдыларын көрсету;
- 4) мәтіннің сауатты орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық жазылуын көрсету;
- 5) сөздік қорының алуан түрлілігін көрсету.

ЭССЕ жазу уақыты – 30 минут.

Эссеңі қызметкер аттестаттау комиссиясы мүшелерінің қатысуымен компьютерде жазады.

Каржылық мониторинг
органдарының
экономикалық тергеу қызметі
қызметкерлерінің кәсіби
жарамдылығын айқындау
бойынша нормативтерге
1-косымша

**Каржылық мониторинг органдарының экономикалық тергеу қызметі
қызметкерлерінің деңе шынықтыру және атыс даярлығын айқындау жөніндегі
нормативтер**

Ерлер үшін

Жаттығудың атапу	Баға	Жас топтары					
		21-27	28-34	35-39	40-44	45-49	50 және одан жоғары
100 м (с) жүгіру	өте жақсы	13	14	15	16	17	18
	жақсы	14	15	16	17	18	19
	қанағаттана рлық	15	16	17	18	19	21
Жатқан қалпында қолды созу және бұгу (рет саны)	өте жақсы	35	33	30	27	25	20
	жақсы	33	30	27	25	22	18
	қанағаттана рлық	30	27	25	22	20	15
Тартылу (рет саны)	өте жақсы	15	13	11	9	7	5
	жақсы	13	11	9	7	5	4
	қанағаттана рлық	11	9	7	5	4	3

Әйелдер үшін

Жаттығудың атапу	Баға	Жас топтары				
		21-26	27-30	31-35	36-45	45 және одан жоғары
	өте жақсы	12	14	16	18	22

60 м (с) жүгіру	жақсы	13	15	17	19	24
	қанағаттанарлық	14	16	18	20	26
Арқасында жатқан қалыптан денені көтеру (рет саны)	өте жақсы	30	28	25	22	20
	жақсы	28	25	22	20	18
	қанағаттанарлық	25	22	20	18	16
Жатқан қалпында қолды созу және бұғу (рет саны)	өте жақсы	20	18	15	13	10
	жақсы	18	15	13	10	8
	қанағаттанарлық	15	13	10	8	6

Ескертпе:

1. Дене шынықтыру дайындығы бойынша жаттығуларды орындау шарттары келесі тәртіpte:

1) 100 метрге жүгіру стадионның жүгіру жолында немесе кез келген тегіс жерде жүргізіледі;

2) Денесін түзу ұстаған бойда қолды бұғу және жазу жатып тірелу қалпында орындалады, ерлер үшін – қолды кеудемен жерге тигенге дейін бұғу қажет.

2. Әйелдерге бұл жаттығуды тізеден орындауға рұқсат етіледі.

3. Биік белтемірге тартылу бастапқы қалпынан жоғарыдан ұстап ілінген бойда, аяғын еденге (жерге) тигізбей орындалады. Иек тұсы белтемірден өткен кезде жаттығу орындалған болып есептеледі. Ерлер үшін ілінген қалыпта 5 секундтан артық демалуға (тоқтауға) және тартылуды шайқалудан бастауға рұқсат етілмейді.

4. Әйелдер үшін денені көтеру арқада жатқан қалпынан орындалады, аяқ тізеге қарай 90 градус бұрышта бұғілген, қол иықта, аяқтық бас жағы серіктеспен ұсталады.

Егер жаттығу дұрыс орындалмаса, үш реттен артық емес жағдайда "есептелмейді" командасты беріледі, содан кейін тестіленуші жаттығуды орындаудан босатылады.

5. Ату (ерлер) келесі тәртіpte жүзеге асырылады:

1) мақсаты: 75x75 қалқанға, атуышының көз деңгейінде орнатылған шенберлері бар нысана (50x50) ;

2) мақсатқа дейінгі қашықтық: 15 метр;

3) оқ-дәрілердің саны: 6 (3 сынамалы, 3 есепке алынатын);

4) атуға арналған қалып: тұрған бойда қолмен (екі қолды қолдануға болады);

5) ату уақыты: шектелмеген.

6. Бағалау көрсеткіштері: нысанаға 3 (үш) рет тигізу – "өте жақсы", 2 (екі) рет тигізу – "жақсы", 1 (бір) тигізу – "қанағаттанарлық".

7. Баға атудың (сынамалы, есепке алынатын) үздік нәтижелері бойынша қойылады.

Каржылық мониторинг
органдарының
экономикалық тергеу қызметі
қызметкерлерінің кәсіби
жарамдылығын айқындау
бойынша нормативтерге
2-қосымша

Эссеңі бағалау парагы _____ (қызметкердің лауазымы) _____
_____ (Аты, экесінің аты (бар болған жағдайда), тегі)

Эссе тақырыбы: _____

Емтихан қабылдаушын ың аты, экесінің аты (бар болған жағдайда), тегі	Саят-тылых және білім терен-дігі. Бейін-дік білім деңгейі	Талдау, дәлелдеу және дәлелдеу негізі. Мәселені шешу бойынша идеяларды синтездеу.	Кеңес бойынша дәлелді шешім шыгару	Ойлау қабілетінің ерекшелігі. Мәселені шешудің балама және түпнұсқа жолдары.	Жалпы балл	Қолы
Емтихан қабылдаушын ың аты, экесінің аты, тегі						
Емтихан қабылдаушын ың лауазымы						
Емтихан қабылдаушын ың аты, экесінің аты, тегі						
Емтихан қабылдаушын ың лауазымы						

Емтихан қабылдаушын ың аты, әкесінің аты, тегі				
Емтихан қабылдаушын ың лауазымы				
Корытынды баға:	20-дан __			

Қаржылық мониторинг
органдарының
экономикалық тергеу қызметі
қызметкерлерінің кәсіби
жарамдылығын айқындау
бойынша нормативтерге
3-қосымша

IQ тестілеуден өту мәндерінің нәтижелері

Түрі	Дұрыс жауаптар проценті	Балдары
IQ- тест (0-ден 50 балға дейін)	60%-тен бастап (30-дан 50-ге дейін)	15
	50%-тен бастап (20-дан 29-га дейін)	13
	38%-тен бастап (15-тен 19-га дейін)	11
	28%-тен бастап (7-ден 14-ке дейін)	7
	12%-тен бастап (0-ден 6-га дейін)	3

ЭССЕ жазуды бағалау критерийлері.

Бағалау критерийлері	Балл	Балдың мәні
	1 балл	Тапсырманың негізгі компоненттерін дұрыс немесе мүлде түсінбеу. Көптеген грамматикалық қателер орын алған.
	2 балл	Мәселені нашар, үстірт түсіну. Іс толық ашылмаған. Көптеген грамматикалық қателер орын алған.
	3 балл	Кейс проблематикасының ерекшеліктері мен бағытын орташа түсіну. Кәсіби саладағы білімді аракідік қолдану. Мәтінде эпизодтық грамматикалық қателер бар.

Сауаттылық және білім тереңдігі. Бейіндік білім деңгейі.	4 балл	Кейс проблематикасының ерекшеліктері мен бағытын жақсы түсіну. Кәсіби саладағы білімді орынды пайдалану. Шамалы грамматикалық қателер мен түзетулер бар.
	5 балл	Ұсынылған ақпаратты түсінудің жоғары деңгейі. Шешім қабылдау зерттелген ақпаратты байыпты талдауға негізделген. Кәсіби саладағы білімді мұқият пайдалану. Білімі мен дағдылары білімнің басқа салаларынан біріктіріледі. Грамматикалық қателер жоқ немесе олар маңызды емес.
	1 балл	Дәлел жоқ, эссе мазмұны ұсынылған тақырыпқа сәйкес келмейді. Стильдің аса әлсіздігі сөйлемдердің нашар тұжырымдалуы және/немесе логикалық құрылымның болмауы идеяның түсініксіздігіне алып келген.
	2 балл	Аргументтер үстірт немесе маңыздылығы жоқ. Ұсынылған тақырып\мәселеге фокус реттелмеген. Ситуацияны шашыраңқы және тұтас емес түрде көреді. Мәтін түсініксіз, идея әлсін-әлсін байқалады, бірақ стильдің әлсіздігі, сөйлемдердің әлсіз не түсініксіз құрылудына байланысты оған еру немесе түсіну қыын.
	3 балл	Кейбір дәлелдерді ұсынады. Ұсынылған тақырыптан ауытқыған. Ситуацияны шашыраңқы көреді, алайда айқын тенденциялар мен проблемаларды анықтай алады.
Талдау, аргумент келтіру және дәлелдеу негізі. Мәселені шешу бойынша идеяларды синтездеу.	4 балл	Аргументті дәлелдер базасы бар, алайда азды-көпті ескертулер кездеседі. Ұсынылған тақырып/мәселеге фокусты сақтай біледі. Жағдайды толық көру және себеп-салдарлық байланыстарды орнату, шашыраңқы ақпаратты салыстыру және себеп-салдарлық байланыстарды орнату, проблеманың айқын емес өзара

		байланысын анықтау қабілетін байқатады.
	5 балл	Аргументті дәлелдер базасы бар. Сыни талдау мен дәлелдемелер базасы көлтірілген. Ұсынылған тақырыбына/ мәселеге деген нақты фокус сақталған. Ситуацияны толық көру, шашыраңқы ақпаратты жүйелі түрде салыстыру және себеп-салдарлық байланыстарды орнату, проблеманың айқын емес қатынастарын анықтау қабілетін байқатады.
Кейстің дәлелді шешімі	1 балл	Стильдің өте әлсіздігі, сөйлемдердің нашар тұжырымдалуы және/немесе логикалық құрылымның болмауы салдарынан идея түсініксіз.
	2 балл	Мәтін түсініксіз, идея байқалады, бірақ әлсіз стильті, әлсіз немесе түсініксіз сөйлемге, құрылымға байланысты оны ұстану немесе түсіну қын.
	3 балл	Мәтін көп жағдайда түсінікті, бірақ стильдің әлсіздігі, тұжырымдаудың, сөйлемдер мен құрылымдардың әлсіздігі немесе күрделілігі салдарынан идеяны ұстану немесе түсіну қын.
	4 балл	Идеялардың тұтастығы сақталған. Мәтін қарапайым және айқын. Ақпарат оңай қабылданады және нәтижелердің өзіндік ерекшелігін бағалауға мүмкіндік береді.
	5 балл	Идеялардың ерекше тұтастығы. Мәтін өте қарапайым және айқын. Идеялар өте айқын тұжырымдалған, ақпарат оңай қабылданады және нәтижелердің өзіндік ерекшелігін бағалауға мүмкіндік береді.